



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ  
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02  
ББК 74.00  
И 63

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02  
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023  
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

болдырмайды. Сұхбаттасып оқыту барысында оқушылар сыни ойлауды, тиісті ақпарат пен белгілі жағдайды талдау негізінде күрделі мәселелерді шешуді, балама көзқарастарды салыстыруды, ақылды шешімдер қабылдауды, дискуссияға қатысуды, басқа адамдармен тиімді қарым-қатынас жасауды үйренеді. Ол үшін сабақта жекелей, жұптық және топтық жұмыс ұйымдастырылады, зерттеу жұмыстары, рөлдік ойындар қолданылады, құжаттармен және түрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасайды. [6, б. 87].

Әр мұғалім сабақ өткізген кезде оқушыларға сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, оқушылардың қызығушылығы арта түсері анық.

Интерактивті тақта–топтағы оқушылардың барлығын оқыту үшін құнды құрал. Бұл мұғалім жаңа материалды өте қызықты және қарқынды етіп түсіндіруге көмектесетін көзге көрінетін құнды құрал. Оның ақпаратты түрлі мультимедиялық ресурстар көмегі арқылы танысуға мүмкіндігі зор. Ол сызбаларды түсіндіруді жеңілдетіп, қиын мәселелерді шешуге көмектесе алады. Мұғалімдер өздерінің жана ойларын, идеяларын әсерлі, тартымды етіп көрсету үшін осы тақтаны қолданса мақсаттарына жетеді. Бұл тақтада мұғалімдермен жаңа материалдарды бірігіп талдауға мүмкіндігі зор. Зерттеулер көрсеткендей, түрлі ресурстарды, қызықтыруларды ұлғайта отырып қолданса, мұғалімдер үшін де, оқушылар үшін де интерактивті тақта сабақты қызықты ететіні анықталды. Интерактивті тақтамен дұрыс жұмыс жасаса, оқушылардың білімдерін тексере де алады. Интерактивті тақта топтағы барлық оқушылардың басты назарына айналады. Ал егер де керекті материалдардың барлығы алдын ала дайындалып, түсінуге оңай болса, сабақтың жақсы қарқынды өтуін қамтамасыз етеді.

Жаңа сабақты түсіндіру барысында сабақтың мазмұнын дайын күйінде бермеуге тырысу. Оқушылардың өздігінен танып–білу дағдыларын қалыптастыра отырып, жаңа тақырып бойынша анықтама, ережелерді өздері құрастырып тұжырымдай білуіне жетелеу. Ол үшін оқытудың интерактивті әдіс–тәсілдерін сабақта қолдану. Олар: жеке шығармашылық тапсырмалар, тірек–сызба, көрнекіліктер және анықтама құралдары, ойын арқылы оқыту, сөзжұмбақ, бейнесөздер, логикалық тапсырмалар мен деңгейлік жаттығулар, тестілеу және бақылау.

Интерактивті оқыту моделін пайдалану өмірлік жағдаяттарды модельдеуді, рөлдік ойындарды қолдануды, мәселені бірлесіп шешуді қарастырады. Оқу үдерісінің қандай да бір қатысушысын немесе идеяны ерекшеленуді шектейді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. А., 2002 ж.
2. Сұрауымбетова Р. «Білім беру деңгейін көтеруге ақпараттық–коммуникациялық технологиялардың рөлі»
3. Элмухамбетова Б.А., Ғалымжанова М.А. «Білім беру жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыруда ақпараттық коммуникациялық технологиялардың қолданылуы»
4. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. №3, 2004 ж.
5. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. №6, 2009 ж.
6. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. №4, 2011 ж.

ОӘЖ 34

#### **«ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІ БОЙЫНША – «STREET LAW» (КӨШЕ ЗАҢЫ) БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ**

*Анасова Айнаш Бектурсыновна  
тарих магистрі  
Ө.Сұлтанғазин атындағы ҚПИ  
E-mail: anasova\_ainash@mail.ru  
Мирамова Жумабике Жумабековна  
тарих пәнінің мұғалімі  
№15 жалпы білім беретін мектебі  
E-mail: zhuma\_miramova@mail.kz  
Қостанай қаласы, Қазақстан*

#### **Аңдатпа**

*Берілген мақаланың өзектілігі қазіргі жағдайда жастардың құқықтық білімі мен тәрбиесі өте маңызды болды. Сонымен қатар, барлық мектептерде Заңның мектеп курсы бола бермейді және әр оқушы өзіне таныс құқықтардың мағынасын түсіндіре алмайды, сонымен қатар жолдастарының, мұғалімдердің, ата-аналардың алдында туындайтын басқа құқықтар мен міндеттердің мағынасын әрдайым түсіне бермейді. Street Law жобасы материалды құрғақ заңды тілде ұсыну проблемаларын болдырмайды, сонымен қатар оқушыларға құқықтық салада не бар екенін түсінуге көмектеседі. Мақсаты: «Street Law» (көше заңы) негізгі мақсаты –*

құқық нормаларын халық үшін, оның ішінде студенттер мен оқушылар үшін түсінікті және қолжетімді тілде баяндауын көрсету. Бұл әр күн үшін практикалық құқық.

**Түйінді сөздер:** кіріктіре оқыту (интеграция), көше заңы, сот процесі, қоғамдағы мінез-құлық ережелері.

#### **Аннотация**

*Актуальность данной статьи в современных условиях правовое образование и воспитание молодежи было очень важным. Кроме того, не во всех школах есть школьный курс права, и не каждый ученик может объяснить значение знакомых ему прав, а также не всегда понимает значение других прав и обязанностей, возникающих перед товарищами, учителями, родителями. Проект Street Law устраняет проблемы представления материала на сухом юридическом языке, а также помогает учащимся понять, что находится в правовой сфере. Цель: основная цель «Street Law» (уличное право) – показать изложение норм права на понятном и доступном для населения языке, в том числе для студентов и школьников. Это практическое право на каждый день.*

**Ключевые слова:** интегрированное обучение (интеграция), уличное право, судебный процесс, правила поведения в обществе.

#### **Abstract**

*The relevance of this article in modern conditions, legal education and upbringing of young people was very important. In addition, not all schools have a school course in law, and not every student can explain the meaning of the rights familiar to him, and also not always understand the meaning of other rights and obligations arising before comrades, teachers, parents. The Street Law project eliminates the problems of presenting material in a dry legal language, and also helps students understand what is in the legal sphere. Purpose: the main purpose of «Street Law» is to show the presentation of the norms of law in a language that is understandable and accessible to the public, including for students and schoolchildren. This is a practical right for every day.*

**Key words:** integrated learning (integration), street law, judicial process, rules of behavior in society.

Қазақстан Республикасы өзін құқықты мемлекет деп жариялады. Ал құқықты мемлекетте заңды, еркіндікті және өз міндеттерін жақсы білетін адам бірінші орында тұруы керек. Сол себептен әрқайсымыз мемлекет кепілдік еткен құқық пен еркіндіктің мөлшері мен пайдалану жағдайларын айқын түсінуге тиіспіз. Сондықтан мектеп оқушыларына «Құқық негіздері» пәні бойынша ұсынылып отырған осы «Street Law» (көше заңы) бағдарламасының арқасында білім алушылар құқық дегеннің не екенін аңғарып, оның баға жетпес қазына екеніне көз жеткізеді. Көптеген адамдар заң, құқық дегенді жазалау, сотқа тарту, сыбайлас жемқорлықпен, заң бұзушылықпен күресу, түрмеге жабу деген сияқты бір жақты ғана түсінеді. Бұл бағдарламаның мақсаты заң, құқық дегеннің күнгей жағымен таныстыру, құқықты қорғаудың түрлерін үйрету болып табылады.

Сонымен «Street Law» (көше заңы) негізгі мақсаты – құқық нормаларын халық үшін, оның ішінде студенттер мен оқушылар үшін түсінікті және қолжетімді тілде баяндау. Бұл әр күн үшін практикалық құқық.

Қазіргі жағдайда жастардың құқықтық білімі мен тәрбиесі өте маңызды болды. Сонымен қатар, барлық мектептерде Заңның мектеп курсы бола бермейді және әр оқушы өзіне таныс құқықтардың мағынасын түсіндіре алмайды, сонымен қатар жолдастарының, мұғалімдердің, ата-аналардың алдында туындайтын басқа құқықтар мен міндеттердің мағынасын әрдайым түсіне бермейді. Street Law жобасы материалды құрғақ заңды тілде ұсыну проблемаларын болдырмайды, сонымен қатар оқушыларға құқықтық салада не бар екенін түсінуге көмектеседі. Осы айтылған бағдарлама негізінде біз оқушыларға не ұсына аламыз?

- құқық туралы білім деңгейін арттыру;
- құқықтық білімді қолдану бойынша дағдыларды қалыптастыру;
- оқушыларды заңгер мамандығымен таныстыру;
- есте сақтауды, логиканы, байқауды дамыту;
- құқықтық сананы қалыптастыру;
- белсенді өмірлік ұстанымды тәрбиелеу.

Сонымен қатар, жобаның мәні оқушылардың құқықтану саласында терең кәсіби білім алуы емес. Ал оқушының белгілі бір дағдыларын дамыту:

- күнделікті жағдайларда құқықтық аспектілерді бөлу,
- жанжалдарды шешудің құқықтық тәсілдерін анықтау және жасалатын іс-әрекеттердің құқықтық салдарын көре білу.

«Көше құқығы» (Street Law) бағдарламасына негізделген бұл сабақтар іс жүзінде бағытталған құқықтану форматына ие. Оқушылар өздерінің әлеуметтік құқықтары мен бостандықтарын қорғауды, басқалардың кемсітушілігіне немесе заңсыз мінез-құлқына қарсы тұруды нақты құқықтық жағдайлардың мысалдарынан үйренеді.

Street Law дегеніміз не? Бұл ХХ ғасырдың соңында Джорджтаун университетінің заң мектебінде (Вашингтон, АҚШ) пайда болған құқықтану пәнін оқытудың ерекше әдісі. Заң факультетінің студенттері азаматтарға арналған құқық курстарын іс жүзінде бағдарланған түрде оқытады. Сабақтар мектептерде, бас бостандығынан айыру орындарында, қоғамдық ұйымдарда, кәсіпорындарда

пікірталас немесе пікірталас форматында өтеді. Сот процестерін сахналау, рөлдік және имитациялық жаттығулар қолданылады. Мысалы, мұндай жағдайлар қарастырылады:

- егер полиция сізді көшеде тоқтатса ше?
- егер сатушы сапасыз тауарды қайтарудан бас тартса ше?
- әкімшілік құқық бұзушылық үшін ұсталған адамның қандай құқықтары бар?
- тұрмыстық зорлық–зомбылыққа қалай қарсы тұруға болады және т.б.

Street Law жобасының негізгі мақсаты қандай? Жоба қоғамның құқықтық хабардарлығын жақсартуға және кәсіби заңгерлерді тәрбиелеуге бағытталған. Street Law сабақтарында балалар өздерінің негізгі бостандықтары мен әлеуметтік құқықтарын қорғауды, басқалардың кемсітушілігіне немесе заңсыз әрекеттеріне қарсы тұруды үйренеді.

Сабақ қалай өтеді? Сабақтың маңызды сәті – мұғалімдер–жастар, студенттер, жасөспірім оқушылардан әлдеқайда үлкен емес. Студенттер оқушылардың «аға серіктері» болады және оқушылармен нәзік және маңызды тақырыптарды талқылай алады. Сабақ екі бөлімнен тұрады. Біріншіден, мамандар мәселенің теориялық негіздерін қысқаша түсіндіреді. Екіншісінде–практикалық тапсырма. Оқушылар бірнеше командаларға бөлініп, рөлдерді өзара бөледі (жәбірленуші, құқық бұзушы, куәгер, қарсы орган) [1, б. 2].

Командалар нақты өмірдегі жағдайды ойлап табады және оны рөлдерде ойнайды. Ойын барысында олар өзін қалай дұрыс ұстау керектігін, қылмыскерді қалай жазалау керектігін және басқа да маңызды сәттерді біледі.

Мәселен, қазіргі уақытта Street Law сабақтарының 5 негізгі тақырыбы анықталды:

1. Ксенофобия, кемсітушілік – не істеу керек?
2. Тұрмыстық зорлық–зомбылыққа қалай қарсы тұруға болады?
3. Адамның азаматтық құқықтары.
4. Адамның әлеуметтік–экономикалық құқықтары.
5. Полиция мен халық серіктес. Осы тізімнен мектептер сабақ өткізуге тапсырыс бере алады, ал болашақта өз тақырыптарын ұсына алады.

Оқушылар «Құқық негіздері» сабағында мінез–құлық ережелерінің қажеттілігін түсіндіре алады, әлеуметтік нормалар ұғымын игереді, әлеуметтік нормаларды түрге бөледі, оларды қалыптастыру және қорғау тәсілдерін, қоғамдағы құндылығы мен рөлін, яғни, мінез–құлық ережелерінің қоғамды тұрақтандырудың құралы болып табылатындығын, оларды сақтау білу қоғамдық өмірді мәнді де сәнді ететінін түсінеді.

«Баршаға арналған адам құқығы» бағдарламасы бойынша өтілетін сабақтардың маңызы зор. Құқықты қызықты да көңілді әрі белсенді түрде оқып–үйренуге болатынын балалар сезіне білуі тиіс. Интерактивті тәсілдерді қолдану тұрғысынан алғанда бұл сабақ өте қызу өтетін сабақтардың бірі. Бұл «Стрит Ло» бағдарламасы бойынша сабақ беру әдістерінің басқа гуманитарлық пәндерді оқытудан өзгеше болатынын көрсету мақсатында жасалған. Мұндағы мұғалімнің рөлі сыныптың күш–жігерін икемді түрде бағыттауға негізделген, бұл сабақ тәжірибе жүзінде тексерілген, әрқашан көңілді өтетіні де белгілі. Біз мұғалімге сабақтың мақсаты, оны өткізу тәсілдері, сабақ нәтижесі және тексеру әдістері, бұл сабақта не нәрсеге қол жеткізгендігіміз жайында жазылған иконка ұсынамыз. Тәсілдер мен уақытты суреттен жазу шартты түрде, мұны әр мұғалім өз бетінше тандай алады [2, б. 30].

Біз өз тәжірибемізде өткізілген бір сабақпен ойбөліскіміз келеді. Бұдан әры қарай тосын оқиғалардың, тарихтың, нормативтік актілер мен тәсілдердің неше алуан түрі мысалға келтіріледі. Әр сабақты өткізу барысында бір сабақ үшін қанша уақыт кететінін, ұсынылған тәсілдердің қайсысын қолдануға болатынын бұдан былай мұғалім өзі шешеді. Сабақты өткізу барысында мұғалім тәжірибесі нақтылана түспек.

Мұғалім сыныптан былай сұрайды: Қоғамда мінез–құлық ережелері бізге не үшін керек?

Қоғамда ешқандай мінез–құлық ережелері жоқ жағдайды елестетіп көріндерші. Қоғамдағы мінез–құлық ережелерінің маңыздылығын және қажеттілігін көрсету үшін ол «Эстафета» ойынын өткізеді. Бұл «Стрит Ло» бағдарламасының ойыны, оның авторлары – Санкт–Петербургтік «Әділ құқық» командасы.

«Эстафета». Сыныпты 2 командаға бөліп, оларды бір қатарға тұрғызу керек. Әр қатардағы оқушылар саны бірдей болуы тиіс. Бірінші қатардағы оқушыға маркер немесе бір уыс кәмпит беріп, мүмкіндігінше тездетіп кері қайтаруын сұрау керек. Бұл заттар кері қайтарылып, командалардың бірі өздерін жеңімпаз деп санағаннан кейін мұғалім: «Ғафу етіңдер, мен дұрыс түсіндірмеппін, кәмпитті иықтан асырып немесе бір адамнан кейін беріп отыру керек еді» дейді. Бұл әмір орындалғаннан кейін мұғалім қандайда бір әділетсіз сылтаумен, мысалы, «Бұл командада қыздар көп екен немесе ұзындар көп екен» деп келіп, ұтылған команданы жеңімпаз деп атауы тиіс. Ойын үстінде ойынды тоқтатып қоюға, ойыннан біреуді қиянат жасап шығарып жіберуге болады. Оқушылар: «Бұныңыз қалай?» дегенше осы әрекетті жалғастыра берген жөн. Бұдан кейін талқылау басталады.

2. Ойынымыз неге дұрыс шықпады?
3. Ойын ережесін мен қалай анықтауым керек еді?
4. Ойын ережесі не үшін қажет?

5. Оны кім жасаған?
6. Футбол, хоккей, шахмат, карта ойындарының ережелері қалай?
7. Қоғамда қандай мінез–құлық ережелері бар?
8. Оларды кім белгілейді?
9. Олардың қоғам үшін пайдасы қандай?
10. Адамдардың оларды сақтау себебі неде?
11. Сендер мінез құлық ережесінің қайсысын атай аласыңдар?
12. Сонымен қоғамда ережесіз өмір сүру мүмкін бе?

Сөйтіп біз қоғамда қандай мінез–құлық ережелері болатынын анықтадық. Сабақтамысал ретін–де ережелердің 10 түрі айтылады. Сынып ең ақыры «Эстафета» сияқты қарапайым ойынның өзін ережесіз ойнауға болмайтындығы туралы қорытындыға келеді.

Бұдан ары қарай мұғалім: «Адамдардың қоғамдағы мінез–құлық ережелерін кім жасайды» деген сұрақ қояды.

Бұл тақырыпты түсіндіру үшін біз «Сынып сүрлеуі» ойынын ойлап таптық. Тәрбиенің қайта–ланбас өзіндік жүйесін жасаған ұлы педагог В.А.Сухомлинский мектеп жанындағы тротуарлардың нобайларын осылайша айқындаған екен. Ол балалардың өздері үшін қолайлы сүрлеулермен жүгіруінерұқсат берген, кейін оларды асфальттап тастаған. Біздің мұғаліміміз Дэвид Мак–Квойд та Африка тұрғындарының да осылай жасайтынын, олардың пілдер таптаған соқпақтарды бағдарға алатынын айтады. [3, б. 40].

Мұғалім сыныпта сынып сүрлеуін сызуға жәрдемдесетін үш бақылаушыны алып қалады. Ол сыныптың барлық оқушыларының бірер минутқа дәлізге шыға тұруын сұрайды. Оқушылар «Сыныпқа кіріңдер де, шеткі қатардағы парталарға отырыңдар» деген келесі тапсырманы алады. Оқушылардың көпшілігі қай сүрлеумен өтсе, сол сынып сүрлеуі болып саналады. Сынып ішінде бірнеше сүрлеу пайда болады, бірақ оқушылардың көпшілігі мейлінше қысқа әрі ыңғайлы сүрлеумен жүреді [4, б. 14].

Көпшілік оқушы жүрген сызық «сынып сүрлеуі» болады. Бақылаушылар бұл фактіні белгілеп алып: «Сыныптағы 30 адамның 22–сі бірдей сүрлеумен жүрді. Сынып соқпағы дегеніміз осы» деуі тиіс. Сынып сүрлеуін сызып қоясыңдар. Мұнан кейін мұғалім: «Адамдардың қоғамдағы мінез–құлық ережелерін кім жасайды?» деп сұрайды. Өлбетте, қоғамдағы мінез–құлық ережелерін адамдардың өздері жасайды, оларды сақтау арқылы өзара қарым–қатынасты жеңіл әрі ыңғайлы етудің мүмкіндігі туады [5, б. 10].

Сонымен ойымызды қорытындылай келе, Street Law бағдарламасы интерактивті оқыту әдістеріне негізделген пайдалы да тиімді, мектеп оқушылары мен мұғалімдерге арналған жеңіл, түсінікті әрі теориялық негіздері берілген оқу бағдарламасы болып табылады. Оқушылар өз пікірлерін білдіруді, хабарға сын көзбен қарауға, топта жұмыс істеуді, кез келген уақытта өз көзқарастарын және құқықтарын қорғауды үйренеді. Әр адамға құқықтың ауадай қажет екеніне әбден көздері жетеді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Рысбаев Е., Ильясов С. Танымдық белсенділікті дамыту–өзекті мәселе. // Қазақстан мектебі. №2., 2020 ж.
2. Педагогические технологии: Учебное пособие для студентов педагогических специальностей / Под общей редакцией В.С.Кукушина. Ростов н/Д: «МАРТ», 2012 г.
3. Искусство современного урока: Учебное пособие для студентов высших учебных заведений / О.С.Булатова. М.: «Академия», 2016 г.
4. Теория и методика обучения праву: учебник для студентов высших учебных заведений. М.: ВЛАДОС, 2013 г.
5. Педагогические технологии: Учебник. Н.И. Шевченко. 2019 г.
6. Асанов Н. Өзіндік жұмыстардың ерекшеліктері. Алматы: «Санат» 2013 г.